

Каспий теңізі солтүстік бөлігінің қорық аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібімен қоса қорғалу аймағын орнату туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық әкімиятының 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 83 қаулысы. Атырау облыстық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 4 мамырда N 1947 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімиятының 2008 жылғы 13 наурыздағы N 62 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық әкімиятының 13.03.2008 N 62 қаулысымен.

Ескерту: барлық мәтін бойынша "Балық шаруашылығы басқармасына", "балық шаруашылығы басқармасы" деген сөздер сәйкесінше "Ауыл шаруашылығы департаментіне", "Ауыл шаруашылығы департаменті" деген сөздермен ауыстырылды - Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 N 165 қаулысымен.

Барлық мәтін бойынша "балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу бойынша "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасы"" "балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу бойынша "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасына", деген сөздер тиісінше "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасына" деген сөздермен ауыстырылды - Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 N 165 қаулысымен.

Атырау облысы шегінде Еділ (Қазақстан Республикасы шегінде) және Жайық өзендерінің атырабын қоса Солтүстік Каспийдің акваториясы мемлекеттік қорық аймағындағы өсімдік және жануарлар әлемінің жағдайына кеме қатынасының жағымсыз әсерін азайту мақсатында, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 162-І "Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы" Заңының 11, 47, 48 баптарына және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 593 "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңының 37 бабына сәйкес, облыс әкімияты қаулы етеді:

Ескерту: Кіріспеге өзгерістер енгізілді – Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 N 165 қаулысымен.

1. Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібімен қоса:

- 1) Еділ өзені (Қазақстан Республикасы шегінде) атырабының шығыс бөлігі;
- 2) Атырау облысы шегіндегі барлық акваториясы мен Жайық өзені атырабы (әрі қарай - қорғау аймағы) шекарасында қорғау аймағы орнатылсын.

2. Қорғау аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібінің шарттары бекітілсін (тіркеледі).

3. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы департаменті қорғау аймағында пайдаланатын аспалы қозғалтқышы бар аз көлемді кемелердің (әрі қарай - аспалы қозғалтқышы бар қайықтар) мейлінше көп санын мынадай есептен шыға отырып белгіленсін:

1) алынып тасталды Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 N 165 қаулысымен.

2) алынып тасталды Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 N 165 қаулысымен.

3) Мемлекеттік органдар, мекемелер, сонымен қатар меншік түріне қарамастан, заңды және тұлғалар үшін әрбір аспалы қозғалтқышы бар қайықтарға жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау шегінде олардың мақсатты бағытының негіздемесіне сәйкес.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерістер енгізілді – Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 № 165 қаулысымен.

4. Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасы (келісім бойынша) әрбір су көлігі үшін қозғалыс тәртібін тек қана Атырау облысы Ауыл шаруашылығы департаментінің ұсынысы бойынша және қорғау аймағында су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібінің шарттарын сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдау шартында орнатсын. <*>

5. Қорғау аймағының шегінде су көлігін пайдалану тапсырыстық тәртібінің сақталуын бақылау Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасына жүктелсін (келісім бойынша). <*>

6. Облыс әкімінің 2001 жылғы 28 тамыздағы N 282 "Жайық-Каспий бассейндегі кемелер мен аз көлемді флот қозғалысының тәртіптемесі туралы" шешімінің күші жойылған деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ж. Нақпаевқа жүктелсін.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда – Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 №165 қаулысымен.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің 2004 жылғы 2 сәуірдегі N
83 қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаның кестесі бойынша "балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу бойынша Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасымен" деген сөздер "Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен" деген сөздермен ауыстырылды – Атырау

облыстық әкімиятының 20.06.2006 № 165 қаулысымен.

Ескерту: Қосымшаның 5 бағанасының 3 жолындағы "тахометр болған жағдайда 251 ат күшіне дейін қозғалтқыш қуатына рұқсат етіледі.

Қозғалтқыштың қорғау аймағындағы жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан аспауы керек." деген сөздермен ауыстырылды - Атырау облыстық әкімиятының 20.06.2006 N 165 қаулысымен.

Қорғау аймағы шегінде тапсырыс беру тәртібімен су көлігін пайдалану жағдайы

№	Су көлігі бар кәсіпорындар, ұйымдар, мемлекеттік мекемелер	Қорғау аймағында ұйғарынды су көлігі қозғалысының мерзімі	Қорғау аймағында ұйғарынды су көлігінің түрлері	Қорғау аймағында қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі мен ұйғарынды қуаты
1	2	3	4	5
1	Кәсіптік балық аулаумен және басқа да су жануарларын өндірумен айналысатын заңды және жеке тұлғалар	Қазақстан Республикасында балық аулау мен басқа да су жануарларын өндірудің нормативтері мен ережелерімен орнатылған мерзімге сәйкес	1) Стационарлы қозғалтқышы бар өздігінен жүретін кәсіпшілік және көліктік кемелердің барлық түрлері; 2) өздігінен жүрмейтін кәсіпшілік және көліктік кемелер; 3) Аспалы қозғалтқышы бар қайықтар; 4) Қызметтік жүріп-тұру мақсатындағы аспалы қозғалтқышы бар қайықтар	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз. Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес; 2) Қозғалтқыштың қуаты 40 ат күшінен кем емес; 3) Қозғалтқыштың қуаты 55 ат күшінен кем емес
2	Спорттық әуесқой балық аулау мен немесе аңшылықпен шұғылданатын заңды және жеке тұлғалар	Белгіленген тиісті Нормативтік-құқықтық актілердің" мерзіміне сәйкес	Аспалы қозғалтқышы бар қайықтар	Қозғалтқыштың қуаты 40 ат күшінен кем емес
	Табиғат қорғау, құқық қорғау, қадағалау органдарды,		1) Стационарлы қозғалтқышы бар арнайы мақсаттағы теңіз және өзен кемелері; 2) Қызметтік	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз. Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес. 2) Қозғалтқыштың қуаты 75 ат күшінен кем емес.

3	сондай-ақ атқарушы биліктің аймақтық және жергілікті атқарушы органдары	Функционалдық міндеттемелермен қойылған міндеттерді мекеме басшысының" қолы қойылған рұқсат ету құжаттарында көрсетілген мерзімде орындау кезінде	жүріп-тұру мақсатындағы аспалы қозғалтқышы бар қайықтар; 3) Шұғыл іздестіру бағытындағы аспалы қозғалтқышы бар қайықтар;	3) Қозғалтқыштың қуаты 150 ат күшінен кем емес тахометр болған жағдайда 251 ат күшіне дейін қозғалтқыш қуатына рұқсат етіледі. Қозғалтқыштың қорғау аймағындағы жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан аспауы керек.
4	Бекітілген ғылыми бағдарламаға сәйкес зерттеуді жүзеге асыратын ғылыми зерттеу мекемелері	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен келісілген және ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламасымен орнатылған мерзімінде	1) Ғылыми зерттеуді жүргізу үшін стационарлы қозғалтқышы бар арнайы кемелер; 2) Аспалы қозғалтқышы бар қайықтар	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз. Қозғалқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес; 2) Қозғалтқыш қуаты 55 ат күшінен кем емес
5	Су жолы арқылы жүкті тасымалдаумен айналысатын заңды және жеке тұлғалар	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен келісімдік кесте бойынша және мерзімінде Жайық және Қиғаш өзендеріне ірі тоннажды кемелердің кіруіне рұқсат тек қана күндіз беріледі. Бағалы кәсіптік балықтардың" уылдырық шашу кезеңінде кемелердің журуіне қосымша шектеулер қойылады.	1) Стационарлы қозғалтқышы бар өздігінен жүрмейтін кемелер: сүйрегіштер, итергіштер, көмекші кемелер; 2) өздігінен жүрмейтін кемелер: жүзбелі крандар, өзен және теңіз баржалары.	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз; 2) Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес.
6	Теңізден мұнай өндіру немесе барлау жұмыстарын жүзеге асырушы кәсіпорындар	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен келісілген кесте бойынша және мерзімінде Жайық және Қиғаш өзендеріне ірі тоннажды кемелердің" кіруіне рұқсат тек қана күндіз беріледі. Бағалы кәсіптік балықтардың" уылдырық шашу кезеңінде кемелердің жүруіне қосымша шектеулер қойылады.	1) Стационарлы қозғалтқышы бар өздігінен жүретін кемелер: сүйрегіштер, итергіштер, көмекші кемелер, жеке құрамды тасымалдау үшін жолаушылар кемесі; 2) Ауа тұғырығы бар арнайы кемелер; 3) Өздігінен жүрмейтін кемелер: өзен және теңіз баржалары; 4) Аспалы	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз. Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес. 2) Балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі Жайық-Каспий облысаралық бассейндік басқармасымен келісім бойынша маршрут қозғалысы мен қозғалтқыш жұмысының тәртібі. 3) Қозғалтқыш қуаты 40 ат күшінен кем емес.

			қозғалтқышы бар кемелер.	Қозғалыс жылдамдылығы 20 км/сағ. кем емес.
7	Жайық, Қиғаш өзендері мен Жайық-Каспий кеме жүретін айрықтарда кеме жүретін арнада жағдайға байланысты қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар	Кеме жүру кезеңінде.	1) Кеме қатысуына қызмет көрсетуші стационарлы қозғалтқышы бар кемелер; 2) Итергіштер; 3) Аспалы қозғалтқышы бар кемелер	1) Шектеусіз қозғалтқыш қуаты бар. Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес; 3) Қозғалтқыш қуаты 40 ат күшінен кем емес
8	Жолаушы тасымалдау және туризммен айналысатын заңды және жеке тұлғалар	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен келісілген кесте бойынша және мерзімінде Жайық және Қиғаш өзендеріне ірі тоннажды кемелердің" кіруіне рұқсат тек қана күндіз беріледі. Бағалы кәсіптік балықтардың" уылдырық шашу кезеңінде кемелердің журуіне қосымша шектеулер қойылады.	1) Стационарлы қозғалтқышы бар жолаушылар кемесі; 2) Аспалы қозғалтқышы бар кемелер	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз; 2) Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 100 айналымнан кем емес; 2) Қозғалтқыш қуаты 40 ат күшінен кем емес
9	Мелиорациялау және тереңдету жұмыстарымен айналысатын кәсіпорындар	Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы басқармасымен келісілген кесте бойынша және мерзімінде Жайықжәне Қиғаш өзендеріне ірі тоннажды кемелердің кіруіне рұқсат тек қана күндіз беріледі. Бағалы кәсіптік балықтардың" уылдырық шашу кезеңінде кемелердің журуіне қосымша шектеулер қойылады.	1) өздігінен жүретін кемелер: арнайы мақсаттағы және көмекші кемелер. Итергіштер; 2) өздігінен жүрмейтін кемелер: арнайы мақсаттағы жүргіш крандар өзен және теңіз баржалары; 3) Аспалы қозғалтқышы бар кемелер.	1) Қозғалтқыш қуаты шектеусіз; 2) Қозғалтқыштың жұмыс жасау тәртібі минутына 1000 айналымнан кем емес; 3) Қозғалтқыш қуаты 40 ат күшінен кем емес.